

Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі 2014 жылғы қарашасында 28 992,1 млн. теңге сомадағы 216,9 мың транзакцияны құрады.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Western Union, Золотая корона, Contact, Faster, Unistream, Блиц, Лидер, MoneyGram, Дүниежүзілік почта одағының жүйесі, Анелик, InterBanking сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 24,5% және жалпы сомасының 12,5% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 75,5% және 87,5% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2014 жылғы қарашасында шетелге ААЖ арқылы 25 364,0 млн. теңге сомаға 163,8 мың транзакция жіберілді.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Western Union	31,7	19,3%	6 763,7	26,7%
Золотая корона	47,1	28,8%	6 517,1	25,7%
Contact	16,2	9,9%	4 000,0	15,8%
Юнистрим	18,6	11,4%	2 588,0	10,2%
Faster	25,5	15,6%	2 450,2	9,7%
Блиц	13,6	8,3%	1 353,0	5,3%
Лидер	1,3	0,8%	786,0	3,1%
MoneyGram	2,1	1,3%	418,5	1,6%
Дүниежүзілік почта одағының жүйесі	7,1	4,3%	309,5	1,2%
Анелик	0,3	0,2%	128,8	0,5%
InterBanking	0,1	0,1%	49,1	0,2%
Пошталық халықаралық аударымдар	0,003	0,002%	0,2	0,0008%
Жалпы жиынтығы	163,8	100,0%	25 364,0	100,0%


Валюта бойынша

ААЖ арқылы жіберілген аударымдар негізгі үлесі АҚШ долларында жүзеге асырылды, үлесі саны бойынша 58,1% және сомасы бойынша 71,5% болды.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



Сондай-ақ Ресей рублінің үлесі елеулі, бұл ААЖ арқылы өткізілген аударымдар жалпы көлемінің жартысына жуығы Қазақстаннан Ресей Федерациясына жіберіледі (шетелге жіберілген аударымдардың жалпы санының 48,3% және жалпы көлемінің 41,3%).

ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2014 жылғы қарашасында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 8 724,0 млн. теңге сомаға 72,4 мың. транзакциялар алынды.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-пен
Золотая корона	21,8	30,1%	3 165,1	36,3%
Western Union	17,0	23,5%	1 751,1	20,1%
Faster	10,0	13,9%	1 304,3	15,0%
Юнистрим	4,4	6,1%	1 127,5	12,9%
Блиц	5,4	7,4%	464,9	5,3%
Contact	2,1	2,9%	377,1	4,3%
MoneyGram	2,2	3,0%	241,2	2,8%
Дүниежүзілік почта одағының жүйесі	8,8	12,1%	204,4	2,3%
Лидер	0,6	0,8%	78,1	0,9%
Анелик	0,1	0,1%	10,0	0,1%
Пошталық халықаралық аударымдар	0,01	0,02%	0,2	0,002%
Жалпы жиынтығы	72,4	100,0%	8 724,0	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 43,1% және жалпы сомасының 63,1%) және Ресей рублімен (50,1% және 32,5%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР


Қазақстан аумағында 2014 жылғы қарашасында 3 628,0 млн. теңге сомасына 53,1 мың транзакция жүргізілді.

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-пен
Faster	18,4	34,6%	1 614,6	44,5%
Western Union	7,9	14,8%	795,6	21,9%
Блиц	6,4	12,0%	611,3	16,9%
Пошталық аударымдар	19,5	36,8%	275,7	7,6%
Contact	0,2	0,4%	111,4	3,1%
Юнистрим	0,3	0,5%	64,5	1,8%
Лидер	0,0	0,1%	59,0	1,6%
Золотая корона	0,3	0,5%	53,0	1,5%
Банктік есепшот ашпай жедел аударымдар	0,2	0,3%	31,5	0,9%
Анелик	0,04	0,1%	11,4	0,3%
Жалпы жиынтығы	53,1	100,0%	3 628,0	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

